



Апталық 1948 жылдың 20 сәуірінен шыға бастады

## ТЫҢ СЕРПІНМЕН БАСТАЛДЫ

## Америкалық студенттер ҚазҰУ-ды таңдады

АҚШ университеттерінің студенттері зор ықыласпен және асқан қызығушылықпен Қазақстанда білім алуға ұмтылуда. Биыл екінші жыл қатарынан «Флагман» бағдарламасына қатысушы америкалық жастар білім алу үшін жетекші университет - әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-ды таңдады. АҚШ-тың мемлекеттік білім беру жобасы болып табылатын «Флагман» бағдарламасы сырттан келуші академиялық ұтқырлық ретінде жүзеге асуда. Енді біздің студенттеріміз ғана АҚШ-та оқып қоймай, америкалық студенттер де еліміздің білім беру жүйесіне қосылды.

Аталмыш бағдарлама бойынша сынақтан өткен 26 америкалық студентті ҚазҰУ оқытушылары мен студенттері 3 қыркүйек күні салтанатты түрде қарсы алды. Жас америкалықтардың еуропалық жоғары оқу орындары емес, қазақстандық университетті таңдауы әлемде еліміз бен жоғары білім беру жүйесі танымалдылығының артқанын дәлелдей түседі. Мамандардың біліктілігін үнемі арттыру, алдыңғы қатарлы технологияларды меңгеру, халықаралық бедел мен білім беру бағдарламаларының аккредитеуден сәтті өтуі, белсенді академиялық ұтқырлық жұмыстарының нәтижесінде Қазақстан университеттеріне деген шетелдік студенттердің қызығушылығы артауда.

Жалғасы 3-бетте

## ЕҢ ІРІ ЖОО-ЛЫҚ КІТАПХАНА – ҚАЗҰУ-ДА!

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың Әл-Фараби кітапханасы - Орта Азия жоғары оқу орындары ішіндегі ең үлкен кітапхана. ҚазҰУ студенттер қалашығында орналасқан нысан студенттерге, магистранттарға және оқытушыларға ақпараттық қызмет көрсететін мәдени-рухани орталық болып табылады. Кітапхана университет өмірінде белсенді қызмет атқарады. Ол оқырмандарды түрлі оқу құралдарымен және өзге де қажетті басылымдармен қамтамасыз етеді, мерекелік іс-шараларды ұйымдастырып, республикалық, халықаралық дәрежедегі ғылыми форумдарды өткізуге атсалысады.

Жалғасы 6-бетте



7 қыркүйекте өткен кезекті ректорат отырысы дәстүрлі түрде ректор Ғалым Мұтанұлының ұжымды жаңа оқу жылымен құттықтап, жетістікке шақырған игі тілегімен басталды. Университет басшысы заман талабына сай сапалы білім беру - басты қызмет екендігін нықтай отырып, биылғы оқу жылындағы жаңалықтармен бөлісті. Биыл университетте алғаш рет кафедра меңгерушілерімен қатар, факультет декандары да біліктіліктерін дәлелдеп, байқаудан өткенін атап өтті.

Сондай-ақ жағымды жаңалықтар легін бас ғалым хатшы Ләззат Маратқызы марапаттау рәсімімен жалғастырды. Бұл ретте ИМ генерал-майоры, ИМ министрінің орынбасары Қайдаров Рүстем Есімханұлы, ҚР Конституциялық кеңесінің мүшесі болған Тихонов Сергей Викторович, қылмыстық құқық және іс жүргізу, криминалистика кафедрасының меңгерушісі, профессор Жансараева Римма Еренатқызы және азаматтық құқық және азаматтық іс жүргізу, еңбек құқығы кафедрасының профессоры Межибовская Ирина Владимировна «Қазақстан Конституциясына 20 жыл» мерейтойлық медалімен марапатталды. Салтанатты шарадан соң сөз алған ИМ генерал-майоры Рүстем Есімханұлы ҚазҰУ ғалымдарының ел Конституциясына және өзге де көптеген бүгінгі қолданыстағы заңдарға қосқан сүбелі үлесін ерекше атап өтті. «Бұл менің альма-матерім», - деген генерал-майор өз сөзінде университеттің үлкен бастамалар бастауында тұратынын да мақтанышпен тілге тиек етті.

Сонымен қатар ҰҒА академигі, профессор, ҚР Конституциялық кеңесінің бірінші төрағасы Баймаханов Мұрат Таджимұратұлы, Еуразия құқық академиясының ректоры, профессор Қопабаев Амерали Қажыбайұлы және заң факультетінің деканы, профессор Байделдинов Дәулет Лайықұлы «Қазақстанның құрметті заңгері» медаліне ие болды. Атап өтерлігі, ректор Ғалым Мұтанұлы құрметті қонақ Мұрат Таджимұратұлына «Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-ға 80 жыл» мерейтойлық медалін тақты. Университетті дамытуға қосқан елеулі үлесі үшін «Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-ға 80 жыл» мерейтойлық медалімен Конфуций институтының директоры Асылбеков Рахымжан Өзенбекұлы мен фотостудия жетекшісі Жүнісбеков Марат Кеңесұлы марапатталды. Аталмыш марапатқа ректор Ғалым Мұтанұлының тапсырмасымен жуырда ғана дзюдодан Әлем чемпионы атанған университет студенті Елдос Сметов ұсынылды.

Жалғасы 2-бетте

### БҮГІНГІ САНДА:

#### НОВЫЕ ГОРИЗОНТЫ



2-стр.

#### РЕЗУЛЬТАТЫ ФУНДАМЕНТАЛЬНОЙ НАУКИ ОКУПАТСЯ С ЛИХВОЙ В БУДУЩЕМ



4-стр.


#### СІЗ ҚАНДАЙ КІТАП ОҚЫП ЖҮРСІЗ?



8-бет

# НОВЫЕ ГОРИЗОНТЫ

**Делегации из Университета Нью-Йорка в Буффало (США), Университета Иллинойс(США) и Научно-исследовательского центра из Сингапура посетили КазНУ. Гости обсудили перспективы совместного сотрудничества с учеными вуза.**



к взаимодействию по всем направлениям. В частности, проректор и по академическим вопросам Университета Нью-Йорка в Буффало Чарльз Фредерик Зукоски, отметил, что развитие сотрудничества в сфере IT-технологий и инновационной индустриализации являются приоритетными направлениями для Университета Нью-Йорка.

В ходе мероприятия стороны обсудили детали обмена студентами программ бакалавриата и магистратуры. Участники встречи также поделились мнениями по широкому спектру вопросов, таких как, коммерциализации технологий в университетах, повышение квалификации сотрудников лабораторий и обмен преподавателями.

В завершении встречи, участники отправились на экскурсию по исследовательским центрам и институтам КазНУ. Также в рамках встречи, было принято решение более детально обсудить будущее сотрудничество отдельно на факультетах.

Соб.корр.



Открывая встречу с делегатами, проректор по учебной работе Д.Ахмед-Заки рассказал делегатам об основных направлениях деятельности университета, достижениях и успехах.

«Мы особо ценим желание ваших университетов сотрудничать с КазНУ. Также наш университет полностью открыт к совместному сотрудничеству и кооперации в сфере обмена

студентами и разработке проектов в науке и образовании», – отметил Д.Ахмед-Заки.

Представители вузов США также выразили свою готовность

РЕКТОРАТ

## ТЫҢ СЕРПІНМЕН БАСТАЛДЫ

Жалғасы. Басы 1-бетте

Ал күн тәртібіне көшкен тұста мінбеге 2015-2016 оқу жылына дайындық туралы баяндау үшін оқу жұмысы жөніндегі проректор Д.Ж. Ахмед-Заки көтерілді. Ол оқытушылар құрамының жана оқу жылына қызу дайындықпен кірісіп, алдағы атқарылар жұмыстар мен тапсырмаларды белгілегендігін атап өтті.

Жол картасындағы негізгі шаралармен таныстырған проректор академиялық күнтізбе, оқуға қабылдау – бұйрықтар, сабақ кестесі, штаттық кесте – оқытушы профессорлар құрамының педагогикалық жүктемесі, ағылшын топтары, білім беру әдістемесі, алғашқы апта бойынша негізгі мәселелерге егжей-тегжей тоқталды. Академиялық күнтізбенің жылдағыдай өзгеріссіз қалатынын айтқан проректор соңғы үш жылда бакалавриат, магистратура, докторантура бойынша айтарлықтай жоғары нәтижеге қол жеткізгенін хабарлады. Айталық, 2012-2013 жылдары – 4648, 2013-2014 жылдары – 4708 болса, 2014-2015 жылдары – 5319-ға өскен.

Сондай-ақ Дархан Жұмақанұлы университеттің оқыту жүктемесін оңтайландыру бағыты бойынша ЖОЖ дайындау, оқу үдерісін ұйымдастыру,

жеке жүктеме бөлу қарастырылғанын айта отырып, факультет декандарына оқу-әдістемелік материалдар мен кафедралардың ғылыми-зерттеу зертханаларын даярлау бойынша міндеттемелерді жеткізді.

Айта кетейік, сапалы жол картасы бойынша профессор-оқытушылар құрамының ағылшын тілінде сауатын тексеру үшін ағылшын тобына студенттердің жиынтығы, мамандығы лицензияға сәйкес қысқартылған білім беру бағдарламаларын (екінші дәрежелі) ашу жөніндегі жұмысты ұйымдастыру қамтамасыз етіледі.

Сонымен қатар мәжілістегі негізгі сұрақтар барысында университеттің ғылым және білім интеграциясы жөніндегі проректоры З.К. Шаукенова хабарлама жасап, магистратура мен PhD-докторантураға түсу емтихандарының қорытындылары және 2015-2016 оқу жылындағы жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру оқу үрдісін ұйымдастыру туралы кеңінен баяндап берді. Оқытушы профессорлар құрамы негізгі мәселелерді қызу талқылап, өз ұсыныстары мен пікірлерін ортаға салды.

Өз тілшімізден

## ҚОШ КЕЛДІҢ, СТУДЕНТ!

**Әрбір жанның өмірінде ерекше есте қалатын Білім күні баршамыз үшін үлкен мереке. ҚазҰУ-дың философия және саясаттану факультеті дәл осы атаулы күні университет табалдырығын жаңа аттаған 1-курс студенттерін ыстық ықыласпен қарсы алды.**



Өзі армандаған мамандыққа қол жеткізген кешегі талапкер, бүгінгі студенттер мен олардың ата-аналарының жарқыраған жүздерінен зор мақтаныш сезімі сезіліп тұрды. Мерекелік кеште факультет деканы ф.ғ.д., профессор Ә.Р. Масалимова сөз сөйлеп, 1-курс студенттерін, ата-аналарды және оқытушы-профессорлар құрамын жана оқу жылымен құттықтап, сәттілік тіледі. Іс-шарада Қазақ хандығының 550 жылдығы, Қазақстан халқы ассамблеясының 20 жылдығы, Ата Заңымыз – ҚР Конституциясының 20 жылдығы атап өтіліп, университет, факультет тарихы мен тыныс-тіршілігінен хабар берілді. Сондай-ақ үлкен өмірге қадам басқан 1-курс студенттері мен

қонақтар өздеріне арналған әсем кештің куәсі болды. Факультет таланттарының өнеріне тәнті болған оларерекше көңіл-күймен тарақты.

Бұл күн тек атаулы мереке ғана емес, бұл күн – жауапты кезең бастамасы. Дәл осы күннен бастап әр адам өмірінің жеке тұлға және азамат ретінде қалыптасу кезені басталады. Ендеше, Білім күні – үлкен мақсаттар мен жоспарларға бастау болғай!

**А. КЕҢЕСОВ,**  
философия және саясаттану  
факультетінің аға-кураторы;  
**Қ. КАНТАЕВА,**

«Әлеуметтік жұмыс» мамандығының  
3-курс студенті

**Нью-Йорк және Иллинойс университеттерінің (АҚШ) өкілдері мен Сингапурдың Ғылыми-зерттеу орталығының ғалымдары ҚазҰУ-да қонақта болды**

# Америкалық студенттер ҚазҰУ-ды таңдады

Жалғасы. Басы 1-бетте

«Білім берудің негізгі мақсаты – СІ мемлекеттік сертификаты деңгейіне сай келетін орыс тілін меңгеру болып табылады. Сондықтан ҚазҰУ оқытушылары америкалық студенттермен біліктілік, мәдени және мотивациялық әдіс негізінде орыс тілін жүйелі оқытудың жаңа бағдарламасы бойынша жұмыс істейді. Сондай-ақ олардың қазақ тілі, әдебиеті мен мәдениетін білуге деген ынтасы зор. Бұл еліміздің әлемдік аренадағы танымалдылығы мен беделін көрсетеді», – дейді орыс филологиясы, орыс және әлем әдебиеті кафедрасының профессоры Людмила Екшембеева.

Бағдарламада топтық дәрістермен қатар, көптеген жеке сабақтар да қамтылған. Оның барысында



шетелдік студенттер БАҚ тілі, көркем мәтін тілі, тіл және шешендік өнер, кино тілі сынды салаларды меңгереді.

Тілдік дайындықтардан бөлек, студенттер өз мамандықтарына сәйкес пәндерді меңгеріп, өндірістік тәжірибеден де өтеді.

Шетелдік студенттердің сабақтан тыс мәдени бағдарламасы да қызықты әрі тартымды. Атап айтқанда, студенттер мұражай мен театрларға барып, қаланың көрікті орындарын тамашалайды. Спорт үйірмесі мен жарыстарға, шығармашылық байқауларға қатысып, Қазақстанның қазіргі заманғы және ежелгі

қалаларына барады, мәдени және тарихи орындарды аралайды.

Білім беру әл-Фараби атындағы ҚазҰУ мен Америкалық халықаралық білім беру кенесі (ACCELS, АҚШ, Вашингтон) арасындағы 2014 жылы тамыз айында жасалған екі жақты келісімнің арқасында жүзеге асуда. Бағдарлама бойынша ҚазҰУ-да білім алған алғашқы топ емтиханда үздік нәтиже көрсетті. Міне, енді шетелдіктерге білім беретін «Флагман» бағдарламасының екінші кезеңі басталды. Ақ жол, «ФЛАГМАН»!

ӨЗ ТІЛШІМІЗДЕН

## Оценили работу Alma-mater

Депутат Мажиліса Парламента РК Г.И. Исимбаева и Председатель Комитета по социально-культурному развитию Мажиліса Парламента РК Г.М. Иксанова посетили КазНУ и провели встречу со студентами вуза.

Ректор КазНУ Галым Мутанов рассказал депутатам об основных направлениях деятельности университета, достижениях и успехах, подготовке высококвалифицированных специалистов для реализации государственной программы индустриально-инновационного развития страны. В ходе визита представители законодательной власти ознакомились с инфраструктурой вуза и работой научных лабораторий, также встретились с преподавателями, молодыми учеными и студентами. Так, ученые факультета химии и химической технологии рассказали им о реализуемых исследовательских проектах в области химической промышленности, биохимии и медицины, наглядно показали работу

лабораторий факультета. Было отмечено, что обучение студентов ведется по новым образовательным программам с учетом требований работодателей. Выпускники востребованы на рынке труда, особенно таких крупных компаниях как КазАтомПром и КазМунайГаз.

Визит продолжился на механико-математическом факультете, где гости встретились с профессорско-преподавательским составом вуза и со студентами. Встреча прошла живо и интересно, участники задавали вопросы, вносили предложения и высказывали свои мнения по широкому спектру научно-образовательной сферы. Депутаты отвечали на их вопросы и давали комментарии. В частности, Г.Исимбаева



особенно акцентировала внимание на активном участии студенческой молодежи в реализации программы «Нурлы жол». «Государство создает все условия для получения молодежью высшего образования. Мы все нацелены на выполнение задач поставленных Президентом страны. Я уверена в том, что многотысячный коллектив КазНУ

принимает в этом самое активное участие. Будущее независимого Казахстана в ваших руках и мы возлагаем на вас большие надежды», – отметила депутат.

В завершении визита депутаты пожелали студентам и ученым КазНУ дальнейших успехов в исследовательской деятельности и в учебе.

Руستم АБРАЕВ

На заседании ректората были обсуждены вопросы подготовки к новому учебному году

# РЕЗУЛЬТАТЫ ФУНДАМЕНТАЛЬНОЙ НАУКИ ОКУПАЮТСЯ С ЛИХВОЙ В БУДУЩЕМ

**Н**аука, инновации, высшее образование будут играть решающую роль во вхождении Казахстана в 30 развитых государств. О том, какая работа ведется в этом направлении в КазНУ, в развитие каких наук нужно инвестировать Казахстану, чтобы впоследствии получить экономическую выгоду, газете «Қазақ университеті» рассказал проректор по научно-инновационной деятельности, член-корреспондент НАН РК, доктор физико-математических наук, профессор Т.С. Рамазанов.

— *Тлеккабул Сабитович, как известно, 100 конкретных шагов по реализации пяти институциональных реформ Главы государства называют еще и национальным планом по вхождению Казахстана в 30 развитых государств. Какова в этом роль университетов?*

— Действительно, Глава государства поставил перед нами задачу войти в число 30 развитых стран. Важным фактором вхождения и перехода к наукоемкой экономике выступает повышение уровня человеческого капитала, формируемого в университетах на основе реальной интеграции науки, образования и инновационного производства. Для достижения этой цели необходимо эффективное использование так называемой «теории тройной спирали» — сотрудничества государства, университетов и бизнеса. Как показывает мировой опыт формирования и развития высокотехнологичных производств в таких странах, как США, Япония, Китай, Финляндия, все крупнейшие и наиболее успешные страны и страны «догоняющего развития» строят высокотехнологичные производства на базе и при активном участии крупных университетов. Именно крупные высокотехнологичные ареалы с ядром в виде исследовательского университета становятся точками роста инновационной системы.

— *Что конкретно сделано в этом направлении в вашем университете?*

— Прежде всего мы провели большие инфраструктурные изменения. Начиная с 2011 года университет взял активный курс на повышение научно-инновационной составляющей деятельности университета и вхождение в число мировых исследовательских университетов. Так, создана инновационная инфраструктура, соответствующая передовым мировым аналогам и состоящая из НИИ, научных центров, технопарка, бизнес-инкубаторов, офиса коммерциализации, малых инновационных предприятий. Научно-образовательно-инновационная структура включает в себя пять самостоятельных кластеров, объединенных по направлению научных исследований, подготовки кадров и внедренческой деятельности с выходом на рынок. Для конвертации результатов НИОКР в реальный сектор экономики за последние три года в университете создан и эффективно функционирует технологический коридор «от генерирования идеи до ее коммерциализации».

— *Какие проекты получили реальное воплощение?*

— По программе «Коммерциализация технологий» Всемирного банка успешно реализуются пять проектов ученых университета по созданию высокотехнологичной продукции для внедрения в производство.

В рамках международного консорциума



UNIFORM совместно с Токийским университетом реализуется проект по разработке университетских наноспутников, запуск которых намечен на 2015–2016 годы. В настоящее время несколько летних образцов наноспутника успешно проходят соответствующие испытания, первый из которых будет запущен в ближайшее время с борта Международной космической станции. В планах также запуск трехмодульного наноспутника в 2016 году, а также научно-технологического микроспутника весом до 50 кг в 2017 году. Особо хочу отметить, что весь процесс сборки спутников с «нуля до готовой продукции» производится руками наших студентов и молодых сотрудников.

Для дальнейшего наращивания инновационного потенциала в университете запланировано строительство инновационного и медико-биологического кластеров на условиях государственно-частного партнерства. В целях создания ареала наукоемких технологий на базе КазНУ совместно с АО «Управляющая компания специальной экономической зоны «Парк информационных технологий» начата реализация 3-го этапа «ПИТ «Алатау». Формируется научно-образовательный и инновационный кластер (НОИК), который станет эффективной средой для генерации инноваций, интеграции науки — образования — инновационного производства и коммерциализации разработок и передовых знаний. Совместно с Алматинским кластерным фондом начата реализация современной инфраструктуры «ТЕХНОЛОФТ» для инновационных проектов по заказу крупных компаний-недропользователей. Строительство медико-биологического кластера направлено на развитие научно-кадрового потенциала страны в сфере медицины, трансферт инновационных медицинских технологий, оказание

медицинских услуг на мировом уровне, а также предоставление студентам и докторантам возможности использовать свои теоретические знания и повышать практические навыки. Финансовое обеспечение этих кластеров стоимостью в 500 млн. долларов будет реализовано на принципах государственно-частного партнерства.

Кроме того, по договоренности между Президентом РК Н.А. Назарбаевым и председателем КНР Си Цзиньпином при поддержке китайского правительства на территории университетского кампуса будет реализован современный ИТ-технопарк.

— *Какими достижениями мирового уровня может гордиться КазНУ имени аль-Фараби?*

— Прежде всего, наш университет силен достижениями мирового уровня в области таких фундаментальных наук, как физика, химия, биология, математика. Безусловным показателем признанности мировым научным сообществом результатов НИР наших ученых является количество публикаций научных трудов в изданиях с высоким импакт-фактором, индексируемых в базе Thomson Reuters. В этой связи могу сказать, что каждая пятая публикация Казахстана — это вклад ученых КазНУ. Согласно этой базе данных, работы ученых и ППС университета процитированы в мировом научном сообществе свыше 8000 раз. А отдельные ученые имеют индекс цитируемости Хирша, сравнимый с учеными топ-университетов мира. Количество цитирований КазНУ им. аль-Фараби за последние 20 лет сопоставимо с результатами Академии наук и МОН РК с ее многопрофильными институтами, вместе взятыми. По данным национального доклада по науке за 2014 год КазНУ имени аль-Фараби занимает первое место по числу публикаций в высокорейтинговых научных журналах. Монография академика Г. Мутанова издана на английском языке в издательстве «Шпрингер», получены два патента США по комплексной технологии извлечения бериллия.

— *Тлеккабул Сабитович, не смогли бы вы остановиться на конкретных шагах по реализации пяти институциональных реформ в контексте мероприятий, проводимых в университете?*

— Касательно развития парка инновационных технологий (шаг №63) в контексте общих мероприятий уже было сказано выше, кроме того, в соответствии с шагом №77 университет начал подготовку кадров для различных отраслей промышленности страны согласно государственной программе индустриально-инновационного развития Республики Казахстан. В национальном плане Главы государства уделяется огромное внимание вопросам развития академической и управленческой самостоятельности вузов (шаг №78), коммерциализации результатов научно-исследовательских работ (шаг №64). Однако все эти вопросы требуют совершенствования, а порой принятия новой нормативно-правовой базы. И в этом отношении многое делается университетом. К примеру, в прошлом году на заседании сената Парламента страны ректор университета академик

Г.М. Мутанов выступил с докладом, в котором изложил основные проблемы совершенствования нормативно-правовой базы деятельности университетов страны. Могу также добавить, что более двух лет назад в Министерство образования и науки нами был внесен проект закона, касающийся образования и функционирования национальных исследовательских университетов.

— *Понятно, что для построения инновационной наукоемкой экономики должна быть сильно развитая наука, что, в свою очередь, обеспечивается высококвалифицированными научными кадрами. Как обстоит дело в этом отношении?*

— Понимаете, это достаточно сложный вопрос, требующий незамедлительного решения. На сегодня система подготовки научных кадров высшей квалификации представляется наиболее уязвимой составляющей научно-образовательной компоненты социальной политики государства, де-факто система изжила себя и от нее справедливо отказались, однако новой целостной системы пока нет. В ближайшем будущем это приведет к острому дефициту высококвалифицированных научных кадров в вузах и НИИ и невозможности обеспечить современными специалистами ключевые сектора экономики, обуславливающие поступательное развитие и прогресс страны. Необходим качественно новый уровень подготовки научных кадров на основе лучших традиций отечественной науки и мировой академической среды. Мы предлагаем разработать и апробировать новую экспериментальную постдокторскую программу для кандидатов наук и докторов PhD, работающих в высших учебных заведениях и организациях науки.

Если обратиться к мировой практике, то постдокторские программы, следующие после PhD, существуют в ряде стран, к примеру в Германии, Франции, Англии, Швейцарии, Австрии, Дании, Бельгии и др. В сущности, в развитых странах большая наука делается руками постдокторантов. В европейских вузах после защиты PhD-диссертации ученые, решившие продолжить свою карьеру в науке и высшем образовании, как правило, поступают на постдокторские программы. Постдокторантура — 3–5-летняя исследовательская программа, нацеленная на реализацию конкретной научной идеи, проекта. Этот период посвящен накоплению опыта в выбранной исследовательской области, дальнейшему целенаправленному и более углубленному самообучению, повышению узкоспециализированной квалификации. Помимо занятости в исследовании постдокторант проводит занятия для студентов. Претендентам на постдокторские программы предоставляется возможность выполнения научного исследования за счет государственного бюджета. За рубежом право подготовки специалистов по постдокторским программам предоставлено особым исследовательским университетам и ведущим НИИ, имеющим многолетние научные традиции и хорошую материальную базу.

Соб.к.к.рр.



# ЕҢ ІРІ ЖОО-ЛЫҚ КІТАПХАНА – ҚАЗҰУ-ДА!

Жалғасы. Басы 1-бетте

Кітапхана өз жұмысын ҚазҰУ-дың іргетасы қаланған уақытта, яғни 1934 жылы бастаған. Қазіргі кезде жаһандық университеттің маңызды бөлігі болып табылатын мәдени орталық Елбасының бастамасымен күрделі жөндеуден өткізіліп, заманауи үлгіде жабдықталды. Сонау ХХ ғасырдан бастап тоқтаусыз жүріп жатқан еңбектің арқасында қазір аталған орталықта 2,5 млн. кітап қоры бар.

Әл-Фараби кітапханасының табалдырығынан аттаған сәттен бастап көркем дизайн, ғажайып суреттер көздің жауын алады. Алғашқы қабатында Шығыстың ұлы ойшылы – Әл-Фараби бабамыздың мұражайы орналасқан. Ұлы ғалымның өмірі мен шығармашылық жолын зерттейтін бұл мұражай қызығушылық танытып келген көрермендерге, оқырмандарға көптеген мағлұматтар береді.

Әсем ғимараттың екінші қабатына көтерілген оқырман 1850 шаршы метрді құрайтын үлкен оқу залына тап болады. Классикалық үлгіде жабдықталған оқу залы тек оқу құралдары ғана емес, ғылыми еңбектермен, оқулықтармен, монография және диссертациялармен, көркем және педагогикалық әдебиеттермен толыққан. Оған қоса, XVI-XIX ғасырдағы қолжазбалар мен сирек кітаптар, 300 мыңға жуық мерзімді басылымдарды да табуға болады. Оқырман игілігі үшін жұмыс істеуге арналған арнайы компьютерлер де орнатылған. Еуропалық үлгіде салынған бұл ғимаратта оқу залынан басқа түрлі бөлімдер жұмыс атқарады. Атап айтсақ, биология-география, химия-технология, экономика, заң, философия және саясаттану, физика-математика, филология-журналистика және тарих салалары бойынша оқу әдебиеттері, ғылыми-көркем және шетел әдебиеттері сынды 11 абонемент бар.

Кітапханада тек бір ғана оқу залы емес, 4 бөлек салаларды қамтитын оқу залдары да бөлек орналасқан. Онда магистранттар мен докторанттарға, оқытушыларға арналған-магистранттар залы, мерекелік іс-шараларға, белгілі тұлғалармен кездесу өткізуге, дөңгелек үстелдер ұйымдастыруға арналған ғалымдар клубы бар. Өзге елдердің салт-дәстүрімен, өмір сүру дағдыларымен таныстыратын әлемдік кітап бұрышын да айта кеткен жөн. Ғимаратта оқырманды тамсандыратын, қызықтыратын нәрселер өте көп. Мысалы, төртінші қабатқа көтерілгенде заманауи үлгіде салынған, кең көлемді, қараса көз тойтын, аспа шаммен қамтылған үлкен көрме залы бар. Дәл осы қабатта орын алған ҚазҰУ-дың кішігірім жобасы да оқырманды қызықтыра түседі. Көрме залдың қатарында конференциялар, түрлі мерекелік іс-шаралар өткізуге арналған 50, 60, 80 және 300 адамдық конференц-залдары бар. ҚазҰУ-дың басты байлығы болып табылатын бұл кітапхананың конференц-залына Елбасымыз, көптеген танымал тұлғалар, шетелдік қонақтар келген.

Әлемі оқу залдары, заманауи көрме залы, тартымды конференц-залдар арқылы кітапхана заман көшіне еркін ілесіп келе жатқанын дәлелдесе, электрондық кітапханасы арқылы жаңа заман технологиясынан да артта емес екендігін көрсетеді. ҚазҰУ электронды кітапханасы – Қазақстан жоғары



оқу орындарының ішінде өз жүйесін желіге орнатқан университеттің ең ірісі деп айта да болады. Студенттерді тек кітаппен ғана емес, әлемдік ағымға ілестіріп, сапалы білім алуға көп мүмкіндік беріп отырған ҚазҰУ-дың ғылыми кітапханасы студенттерге арнап өз желісіне Thomson Reuters (<http://www.thomsonreuters.com/>), Springer (Springerlink.com), Scopus (<http://www.scopus.com/>), Elsevier Science Direct (<http://www.sciencedirect.com/>) журналдарын, республикалық ЖОО аралық электрондық кітапхананы (<http://lib.kazrena.kz/>), Polpred (Polpred.com) енгізіп қойған. Студенттерді қуантарлығы тек ол емес, электронды кітапханада бір уақытты 270 оқырман желіні пайдалана алады және әр оқырман жеке құралдарын алып келуіне де болады. Айта кетерлігі, электрондық кітапханада желімен қатар, мультимедиялық және графикалық бағдарламалармен жұмыс істеуге де болады.

Ғылыми кітапханада студенттердің алаңсыз білім алуына барлық қолайлы жағдай жасалған. Мұнда жайлы дивандар мен ыңғайлы орындықтар, оқырмандарды аспен қамтамасыз ететін 75 орындық асхана да бар.

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың Ғылыми кітапханасы – әлемге паш етіп көрсетер байлығы, ажырамас құнды бөлігі. Себебі, «артық ғылым – кітапта». Ендеше, кітапханаға асығайық, білімге талпынайық, құрметті оқырман!

**Ұлжан ИБРАИМОВА**



**Әл-Фараби кітапханасы «Кітап оқу лидері – 2015» дәстүрлі байқауын жариялайды**



**Тоқшылықова Айжан Каналбекқызы**  
*Қызылорда облысы, Қармақшы ауданының тумасы. Поэзияға жаны құмар Айжанның өлең жазуға деген талпынысы мектеп табалдырығынан бастау алған. Шығармашылығын шыңдауды мақсатында ол көптеген жыр мүшәйраларында бақ сынаған. Айжан бүгінгі таңда әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың журналистика факультетінің 4-курсында білім алуда.*

**РӘМІЗДЕРІМ – АЙБАРЫМ**

Еркіндік бұл елдігіміздің қайнары, Тату әркез бұзылмаған қаймағы. Өрлей бергін қазақ елі кашанда, Қасиетіне сызат түспей сай бәрі.

Көк туымыз – еркіндіктің нышаны, Қыраны – асқақ айбындылық нысаны. Көктегі күн – бейбітшілік тартуы Татулық пен мейірімділік мысалы.

Ою-өрнек – дәстүрі бұл қазақтың, Ұлттық үлгі көрінісі ғажап тым. Еңкейген қарт, еңбектеген балаға Ой салатын орыны бар талап тым.

Елтанбамыз – бостандықтың айғағы, Пырақ бейне – асаулықтың айбары Шаңырақ – ол шаттығымның белгісі, Отбасының бастау бұлақ қайнары.

Өткен тарих бүгінгі іздің өлшемін, Ән әуенін көрсеткен ел көсемі. Шәмші аға шартарапты жаңғыртып, Қазақ елі әнұранының семсері.

Рухы мықты, жаңылмаған салтынан, Әуезді үн бар жүректі шарпыған Мұқтаж болды мұқым қазақ баласы Ізет ізін көре алмай жалпыдан. Замана үн заңғар көкті еңсеріп, Дамушы ел өркендеуде еңсе нық. Егеменді ержүрек ел ұрпағы Риза тауып өссін десең өркенін. Ішкі сарай көздесе ел мүддесін, Мұқалмастан мықты болар ертенің!

Арманы асқақ жаңа толқын жол ашары Иmandы елге бақыт мәңгі жол ашады

Бағыты түзу елдің бағы басым, Асыл оймен өсер елдің бағасы әлі, Риясыз ақ сеніммен санасы ары, Ынтымағы бір бүгін болса егер Мерейі үстем жаратқан қарасад!

**ҚАЗҰУ-ҒА!**

Естілгендейін сан тарап жактан жаз үнің, Тұрғандай тіреп көкке асыл жақұт қазығын. Ақ қайындайын куә боп жылдар көшіне, Жалғасып жылдан ғасыр тербеген ҚазҰУ-ЫМ!

Асқар тауларың арманға ізгі жетелеп, Мақсатыңды айқын тұрады ылғи мөпелеп. Мәрт мінезімен марқайтып жүрер көңілді, Жасасаң кейде балалықпенен қате көп.

Түн сәулесімен тербейді аппақ шамдары, ҚазҰУ-да оқу – ол дағы әр жас арманы. Әл-Фарабидің тәрбие-тәлім қос жолын, Ұстана білсең өмірдің мәні сол дағы,

Айлы кештері ақ таңға сәлем жолдаған, Тамсана қарап таңдай қаққанда бар ғалам ҚазҰУ-дың алтын шаһарындағы шәкірттер, Қыран құстарша ізденуден еш талмаған.

Табаны тиген Тұмағандардың жолы бұл, Ұғыну парыз, ұлықтау міндет соны кіл. Алмастай жарқыл, қылыштай өткір қоғамның, Жалғасы болған Жүрсін ағалар сөзі дүл.

Сөз өнерінің сапырған сары қымызын, Қаболов аға танытқан өнер бір ізін. Даналар жалғыз, дара ойлар сан мың бірақ та, Көрсетіп кеткен көпке үлгі көркем үздігін.

Алыптар бірақ аласармайды мәңгі көктен, Жаралғандайын жаны бір егіз көкпен.

Әз-ағандардың сөзі асыл таңдағы ұдай, Өсиеттерімен өмірге нұрын төккен. Мағауиндейін марғасқалардың мекені, Жалған өмір пернесін ойдың шертеді. Ұмтылыс мәңгі ұтылдырмайды қашаннан, Ұлықтап өтер ұрпағы көкке көтеріп.

Сырға да толы, жырға да толы өр өлкем, Тамырын жайды тереңге бүгін сан өркен. Түлектер ұшып қияға қанат қаққанда, Сыр сандығысың сақталып қалар сен ертен.

Жанарып күнде жыл сайын гүлге бөленген, Тарихың тұнық тамырың тартқан тереннен. Жасампаз ойлар тарихқа түрен жол салып, Келешегімің кемел боларына сенем мен!

**ӨМІР**

Өмір деген сан күрестің жиыны, Өмір деген сан қоғамның ұйымы. Адам болып келіп мына жалғанға, Адам болып өту – ең бір қиыны

Өмір деген сан тағдырлар тоғысы, Жүректердің алай-дүлей соғысы. Өз жолының мәнін ұқса адамдар, Мол ісі мен қызықты өмір соңысы.

Өмір деген өшпес іздің өлшемі, Өркендеуде өлмейді еш өр сенім. Көкіректе күйініш пен сүйініш, Көңілімде ойдың қылыш, семсері.

Өмір деген тәрізді есік тұтқасы, Кету үшін жаралғанбыз жалғанға. Саналарын кейде адамдар тот басып, Адаспағын өмір атты орманда.

Өмір деген көк аспандай тым биік, Қол жеткізбес көк сағымдай тұңғық. Тылсым жұмбақ сырлары көп ұқпайтын, Табиғаты тағылымы мол сыр түйін.

Өмір деген қайталанбас құбылыс, Фәни атты құдығынан тұнық іш. Берілмейді оңай қадам адамға, Ұсынады түзу жолда, бұрылыс.

Өмір деген тәтті келер адамға, Ғұмыр берсе сүре берер адам да. Келте болар бірақ өтген жеткізбес, Көрген де өмір көрмеген де арманда.

Өмір деген сан күрестің жиыны, Өмір деген сан қоғамның ұйымы. Адам болып келіп мына жалғанға, Адам болып өту – ең бір қиыны

**ЖЫР ЖАЗАМЫН ЖҮРЕГІММЕН**

Өмір күрес өтпелі екен, өтпелі Неше көктем өтті ғой сен кеткелі, Сағынышым сарқылмады сонда да, Бір өзіне, жаным, ешкім жетпелі.

Мен жылаймын жүрегіммен, жаркыным Өз-өзіме сыймай барам, алтыным. Ардақтым-ау, қай қиырда жүрсен де, Ұмытпашы өткен күннің жаркылын.

Есіңе алшы өтінемін, асылым Жүрегімде мекендедің жасырым. Өзімді-өзім жұбата алман ешқашан, Сенсіз енді өтіп барад ғасырым.

**ЖАСТАР ЖЫРЛАЙДЫ**

Жастары бар жайып өркен қанатын, Озып бәйге жарыстардан алатын. Арғымақтай оза шауып шапқылап, Иық тірер өзгелермен дара аты.

Даналығын танытатын елге көп, Ержүректі қайсар ұлдар қайдасың? Ұрпақтарым есен жүрсін елде деп, Ата-баба аманатын жоймасын.

Текті елдің ұрпағымыз кашанда, Ұлық болар ұлы істің бастауы, Қалып қоймас үшін бақыт тасанда, Анық болғын арманыңның асқары.

Күтіп тұрмас уақыт ұлы сәттерді, Жастық шақтай қайта оралмас көп белгі. Тану үшін өмірде шын болмысыңды, Балғын жастан болу керек көпке үлгі.

Жастар елдің мәңгі жасыл болашағы, Білімді жастар елге жол ашады. Жарқын елдің жасампаз қолбасшысы Жастардың жағдайына қарасады.

Келмейді жай ғана жас бола салғым, Қол жетпейтін биіктерге таласамын. Қаншалықты тұғырымда болсам биік, Жұрт алдында соншалық аласамын.

Ұлгі алып үлкендердің ақылынан, Болса екен өзіндік жаңаша үнім. Келешек жас, ұлы істен қапы қалман, Іретасын сенсің елдің қаласатын.

Жалынға толы жастардың мәңгі жүрегі, Асқақ шындардан армандар биік тірегі, Саналардағы сан ойлар алға жетелеп, Тарихым асыл жаңғырып тұрар киелі. Адал мақсатпен адаспай жүрген жандарға, Рақымды Алла қол ұшын созар үнемі.

Жүректе иман, жанарды нұрға шомдырған, Ырысты елден ынтымақ кашпас кашанда, Риза боп елім, сейіліп бастан бұл тұман, Лайланбаған тұнық өмірді тос алдан. Алты алаштың жері бар қымбат бұрыннан, Иманмен ырыс ежелден қонған бұл бір ман, Дүниенің кілті, дін ислам құлпы өмірдің, Ынтымақпенен бірліктен мәңгі құрылған.

**■ СТУДЕНТТІК ЕЗУАРТАР**

*Студент аудиториядан шығады. Жолдастары тықыршып:*

— Қалай, тапсырдың ба? — дейді.

— Тапсырған сияқтымын...

— Ол не сұрады?

— Қайдан білейін, ол ағылшын тілінде сұрады ғой.

\*\*\*

*Бір студент қарны ашып қаланы аралап жүріп, саябаққа көзі түсіп кетіпті. Қараса, адамдар жануарларға нан, бөлке лақтырып жатыр екен. Сөйтіп ол бір маймылды өлтіріп терісін жамылып, темір тордың ішінде қарны тойып отыра беріпті. Содан сессия басталатын уақыт. Кірген тордан қалай шығарын білмеген жігіт: «Өтірік өлсем шығарып тастайды» деп ойлапты. Сөйтіп, өтірік өліп қалыпты, оны адамдар өліп қалды деп арыстанның алдына апарып тастапты. Өлген жерім осы деп жігіт арыстаннан қатты қорқып отырса, арыстанның терісінен бір бас шығып:*

— Бауырым, қай универден боласың?

— депті...



— Кешіріңіз, қарындас, бұл менің суретім ғой.

\*\*\*

*Таңертең қыздар төрт түрге бөлінеді: Біріншісі: боянбай-ақ қояйын, бірақ ұйықтайын. Екіншісі: боянбай-ақ қояйын, бірақ, тамақ ішейін. Үшіншісі: ұйықтамайын, тамақ ішпейін, бірақ боянайын. Төртіншісі: тамақ ішейін, ұйықтайын, боянайын, бірақ, барлық жерге кешігейін.*

\*\*\*

*Екі студент сессия алдында:*

— Не оқып отырсың?

— Квант механикасын.

— Кітапты неге төңкеріп ұстап отырсың?

— Бәрібір ғой.

\*\*\*

*Студент қыз агент арқылы суретші жігітпен сөйлесіп отыр:*

— Ой, мына жібергеніңіз қандай қызық смайлише!

*Ешқашан мұндай смайлише көрмеп едім!*



**Massaget.kz сайтынан алынды**



Досжан Балабекулы (фото)

**БІЛГЕНГЕ МАРЖАН**

**ДЕНСАУЛЫҒЫҢЫЗҒА  
ПАЙДАЛЫ ТАҒАМДАР**

**1. Авокадо**

Мексика елінің зерттеушілері аптасына 3-4 рет авокадо жейтін адамдардың қанындағы холестерин мөлшері 17% дейін төмендейтінін анықтады. Оны кішкентай бөліктерге бөліп бутерброд етіп немесе түрлі салатқа турап жеуге болады.

**2. Дәнді-дақыл өнімдері**

Нан, күріш, сұлы жармасы, қарамық ботқасы секілді дәнді-дақыл өнімдері ағзадағы артық холестериндерді сыртқа шығарады.

**3. Лосось немесе басқа да майлы балықтар**

Скумбрия, тунец, майшабақ сияқты майлы балықтар омега-3 майлы қышқылына өте бай. Аптасына екі рет майлы балықтарды тұтынсаңыз, жүрек аурулары және холестерин мөлшерінің көбеюінің алдын аласыз.

**4. Қояншөп**

Қояншөп – құртамды тазалайтын ең керемет өсімдік болып табылады. Оның құрамында тамыр қабынуы мен артериялық қысымға қарсы көмектесетін фолат саны өте көп. Сл себепті қояншөпті «табиғи дәрі» деп те атайды. Оны тұздалған суға бірер минут қайнатып, үстіне ерітілген кілегей майын немесе зәйтүн майын шашып, гарнир ретінде ұсынуға болады.

**5. Анар**

Анардың құрамында түрлі жарақаттарға жақсы көмектесетін фитохимиялық заттар көп. Сонымен қатар анар шырыны тамыр жолдарын кеңейтіп, тамырдағы қанның жүруін жақсартыды.

**6. Брокколи**

Брокколи К дәруменіне бай. Ол сүйектеріңізді қатайтып, холестерин мөлшерін қалыпқа келтіреді. Оған қоса брокколиде жасұнықтар да жетеді. Олар қан қысымыңызды жақсартады. Оны сорпамен бірге немесе гарнир етіп тұтынсаңыз болады.

**7. Куркума**

Куркума дәмдеуіші қабынуға қарсы керемет әрекет етеді. Өйткені оның құрамында куркумин бар. Ол артериядағы майлы заттардың мөлшерін 26% дейін төмендетеді. Куркуманы бірінші де, екінші де тағамға қосып жеңіз немесе сүтке араластырып ішсеңіз болады.

**8. Құрма**

Алмаға қарағанда құрманың құрамында жасұнықтар мен антиоксиданттар екі есе көп. Ал бұл пайдалы заттар сізді холестерин мен ішкі аурулардан аман сақтайды.

**9. Мүкжидек**

Мүкжидек жаман холестерин деңгейін төмендететін калий элементіне өте бай. Және бұл жемісті күнделікті тұтыну арқылы жүрек-қан тамыр ауруларының алдын алуға болады.

**10. Саумалдық**

Саумалдықта көп кездесетін калий мен фолиевалық қышқыл қан қысымын түсіруге көмектеседі. Сонымен қатар зерттеу жұмыстары барысында саумалдықтың жүрек ауруларына қарсы көмектесетіні анықталды. Қыс мезгілдерінде оны омет, салат, пасталарға қосып жеуіңізге болады.

Материал Massaget.kz сайтынан алынды

**Сіз қандай кітап оқып жүрсіз?**

**Ақтоғы СӘРСЕНОВА,**  
Экономика және бизнес жоғары мектебінің 2-курс магистранты:

—Биылғы жазғы демалыста Джин П. Сэссонның Сауд

Арабиясындағы ханшайым Сұлтанның ер мен әйел теңсіздігінен және исламды қате түсініп, қалыптасқан дәстүрлі жазалаулардан көрген қиын қыстау азапқа толы өмірінен жазылған «Ханшайымның естеліктері» атты кітабын оқып шықтым. Мен бұл кітапты «Көмек сұраған дауыс» деп атар ем. Себебі бұл кітаптан әлемнің назарын аудартып, көмек сұраған әйелдің дауысын анық естідім. Осы жолдағы Сұлтанның қайсар да батыл мінезі, ақылдылығы, көпті ойлаған кеңшілдігі мен үшін үлгі өнеге болды. Кейбір жайттар жанарға жас ұялатты.

**Медет ӘБЕНОВ,**  
химия және химиялық технология факультетінің 4-курс студенті:

—Қазіргі таңда мен психологиялық кітаптарды оқып жүрмін. Ол адам санасына оң әсерін тигізеді деп ойлаймын. Зигмунд Фрейдтің кітаптарын оқығанды ұнатамын. Сондай-ақ әдеби әрі психологиялық ерекшелікке ие деп Оскар Уайлдтың шығармаларын айтқан болар едім.

**Меруерт БЕЙСЕМБАЕВА,**  
механика-математика факультетінің 4-курс студенті:

—Бос уақытымды мейлінше тиімді пайдалануға тырысамын.

Осы жазғы демалысымда «Абай жолы» эпопеясын толық оқып шықтым. Жүрегі қазақ деп сокқан әрбір жастың оқуы тиіс кітаптардың бірі деп санаймын. Мамандығым есеп қисапқа толы болғанымен қолым қалт етсе, әдеби кітаптарды оқуды әдетке айналдырғам.

**Мейрамбек НИЯЗОВ,**  
филология, әдебиеттану және әлем тілдері факультетінің 4-курс студенті:

—Менің мамандығым көп кітап оқуды, ізденуді талап етеді. Сол себептен болашақ тіл маманы ретінде әлемдік классиктердің, жазушылардың еңбектерін көп оқимын. Көбіне Лермонтов пен Пушкиннің, Достоевскийдің туындыларын сүйсініп оқимын. Бүгінгі қоғамның ащы шындығын бейнелейтін кіршіксіз таза теңеулері мен тұжырымдары пәлсапаға толы.

**Динара ҚАЛДАРОВА,**  
заң факультетінің 4-курс студенті:

—Ұстаздарымыз бізге рухани азықты кітаптан ғана аласындар деп жиі айтады. Өз басым тарихи жанрда жазылған құнды дүниелерді бағалаймын. Тілі ауыр, тым күрделілігіне қарамастан жақында Т. Жұртбайдың «Ұраным, Алаш» атты кітабын оқып шықтым. Алған әсерімді тіпті тілмен жеткізе алмаймын. Өзіммен үзегілес жастарды бос уақытын интернетке емес, жанның азығы болатын кітап оқуға шақырамын.

**Нұрболат ДОСЖАН,**  
журналистика факультетінің 4-курс студенті:

— Табиғатым ақындыққа жақын болғандықтан өмірі өнеге, өлеңлирикаға толы шайырлардың туындыларын жанымға азық етемін. Мұқағали Мақатаев, Шерхан Мұртаза сынды ақындар — мен өнеге тұтатын жандар. Қазақ поэзиясының тамыры осындай ірі тұлғаларымен тереңде жатыр. Қашанда өмірге деген құштарлығыңды арттырып, өзіндік көзқарасыңды қалыптастыратын мәнді де мағыналы кітаптарды оқудан жалықпайық.

Сауалнаманы жүргізген Жұлдыз ӘБІЛ

**ҚҰРЫЛТАЙШЫ:**

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің ректораты

**РЕДАКЦИЯ АЛҚАСЫ:**

Бас редактор м.а.: **Әйгерім ӘЛІМБЕКОВА**  
Жауапты хатшы – **Дариға АМАНКЕЛДИЕВА**  
Тілшілер: **Рүстем АБРАЕВ, Жұлдыз ӘБІЛ**  
Дизайнер – **Досжан БАЛАБЕКУЛЫ**  
Фототілші – **Марат ЖҮНІСБЕКОВ**  
Корректорлар: **Гүлмира БЕКБЕРДИЕВА, Әйгерім ИМАНҒАЛИЕВА**

**МЕКЕНЖАЙЫ:**

050040, Алматы қ., әл-Фараби даңғылы, 71, ректорат, 11-қабат, №1104 бөлме.  
Байланыс телефоны: 377-33-30, ішкі: 11-94, тікелей: 377-31-48.

Электронды мекенжай: **kazuniver-gazeti@mail.ru**

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттелді. "Бизнес-Информ" баспаханасында басылды  
Тел.: 2-93-09-09

**Бағасы келісім бойынша.**

Таралымы 1000 дана  
Талпырыс №729

- Жарияланған мақаладағы автор пікірі редакцияның көзқарасын білдірмейді.
- Редакцияға түскен қолжазба қайтарылмайды, үш компьютерлік беттен асатын материалдар қабылданбайды.
- «Қазақ университетіне» жарияланған мақала көшіріліп басылса, сілтеме жасауы міндетті.
- Жарнама мәтініне жарнама беруші жауапты.